

www.31001.it

Stile
Sauvignon

Чынбек Есдәулет

РАМЗАЙ

Бала кезімде кездейсок қолыма түскен қомақты бір романның аты маған ерекше тартымды болып көрінді - «Ертіс мұхитқа құяды». Өйткені сол Ертіс өзені біздің ауылдың іргесінен ағып өтетін еді. Жалма-жан үйдегі үлкен картаны жайып жіберіп, ирелендеген Ертістің көгілдір шимайдай арнасын куалап карасам, шындығында да ол Солтүстік мұзды мұхитқа құятын болып шықты. Таң-тамаша болдым. Бұл деген мен үшін Американы ашқандай жаңалық еді. Тек біздің Ертісіміздің атын жолжөнекей неліктен Обь деп өзгертіп жібергендеріне түсінігім жетпеді. Әлгі кітапты құмартта оқып шықтым, авторының есімі де содан бері есімде калып қойды. Сол Рамазан Тоқтаровтың «Терістік шұғыласы» атты жолжазба кітабы іле-шала табыла кеткенде де үлкен бір қазына тапқандай куандым. Жазушы бұл кітабында Ертіс өзенінің мұхитқа құятын сағасына ба-рып, қалай құйғанын өз көзімен көру үшін арнайы жасаған саяхатын шұрайлы тілмен кызықты баяндаған екен.

Ертіс Қытайдан ағып келіп, біздің Үлкен Қаратал ауылының тұсынан



он бес-жырма шақырымдай жерден көлденендең өте бере, алдымен Зайсан көліне құятын. Көлге құйғанша Қара Ертіс, ағып шыққанда Ақ Ертіс атанады. Ағысы қатты, толқыны қайығынды төңкөрердей асау. Үлкендерге ілесіп Ертіске бара қалғанда осы бір асау өзеннің шымырлаған толқындары сонау сан мындаған шақырым жердегі алыс мұхитқа қанша уақытта жететінін ойлап басымды қатырушы едім. Сонда өз қолымнан суға лактырып жіберген қайдағы бір тал бұтағы қазір қай тұска жүзіп барып қалды еken деп сол балалық шакта талай ойланғаным есімде.

Кейінірек Рамазан Токтаровтың өзін көріп, сөзін естіп жүрсем де бұл балалық әсерім туралы ол кісінің өзіне айта қоюдың реті келмеді.

Кезінде Мұқағали Мақатаев бізге: «Бұл – менің досым Рамзай», – деп таныстырғанмен, есімін ертерек естіген жазушы ағамен Мәскеуде екі жыл үzenгілес боламын деп ойлаппын ба?

Өзім өнерден макұрым болсам да, Мәскеуге жазушы Жәркен Қабышев ағамыз жасап берген жақсы домбырамды ала барған едім. Сол шешен домбыраның қызығын қарашайдың Шымкентте өскен жазушысы Біләл Аппаев пен өзіміздің Рамазан Токтаров көрді.

Бірде Мәскеуге ақын Қайрат Сәуірбекұлы Бақбергенов келіп, Жазушылар одағының біздің жатақханамен қабырғалас қонақүйіне тоқтады. Тек есігі ғана бөлек. Екеуміз кешке қарай қонақүй асханасында кофе ішіп, Алматы мен Мәскеу жаңалықтарын айтып отыр едік, ұзын бойлы, иықты, толқын шашты, пошымы келіскең бір жігіт кіріп келіп, бізге қарап тұрды. Көзінің сәл қысықтығы болмаса, бітімі Олжас Сүлейменовке ұксайды.

- Мына қазақ кім еken? – дедім мен.

- Ол қазақ емес, бурят. Екеуміз бір бөлмеде жатырмыз, – деді Қайрат. Ол тамақ алғып, біздің қасымызға отыруға рұксат сұрады. Таныстық. Бу-



естігенмін. Жалғыз әпкем іздең тауып жүрген. Мен олардан бейхабармын. Орыстың атақты драматургі Александр Вампиловпен бірге өстім, соның әсерімен драма жаза бастадым да, орыс жазушысына айналдым. Бірак ішімдегі бір арманым казак жазушыларымен танысу еді, бүгін соның реті келгеніне қуанып тұрмын, – деді Владимир Осипов. Мен бас салып:

- Ендеше сізді қазақтың нағыз романшысымен таныстырайын, жатақханаға конакка жүрініз, – дедім.

Ол кезде Алматыда табылмайтын еттің тұрлери Мәскеудің дүкендерінде сіресіп тұратын. Өзі өте арзан. Бар да ала бер. Кейде Алматыдағы балашаға ет көтеріп келген кездеріміз де болған. Самолетте үш жарым сағат ұшқанда мұзы ерімей жететін. Сөйтіп, көрші дүкеннен ет сатып әкеліп, колма-кол казан асып, дастарқан жайып жібердік. Төрге Владимир Осиповты шығарып, Рамазан Тоқтаровпен таныстырдым. Екеуі бірден тіл та-

рят драматургі Владимир Осипов екен. Дәм үстінде мен оған буряттан гөрі қазаққа көбірек ұксайтынын айтып қалдым.

Ол біраздан кейін маған қарап:

- Сіз қателескен жоқсыз. Менің әкем қазак, соғыстан келмей қалған, шешем бурят қызы, он екі жасымда қайтыс болып, балалар үйінде өстім. Содан ұлттым бурят, аты-жөнім орысша болып жазылып кетті. Алматыда әкемнің туыстары бар деп ертеректе

бысты. Рамазан біраздан кейін қолына домбыра алып, әдемі қоңыр даусымен толқытып Арқаның әндеріне басты.

- Володя, сен қазактың ішінде қаракесек болуың керек, пошымың ұксайды. Бізben жиі араласып тұрсан қайта қазаққа айналасың, – дейді Рамазан.

- Жок, енді менен қазақ шығара алмайсындар. Буыным да, қаным да қатып кеткен, – дейді Владимир Осипов. Оған «Қараторғай» әні ерекше ұнап, қайта-қайта айтқызып тыңдады. Мәжілісіміз ұзакқа кетіп, кеш жаттық. Владимир менің бөлмемде қонып қалды. Бос диванға төсек салып бердім. Күн демалыс.

Танертең ұйықтанқырап қалған еkenбіз, бөлмеге Рамазан ағам амандастып кіріп келді. Сонда қонағымыз Владимир Осипов төсектен басын жұлып алып:

- Рамазан, «Қараторғайды» айтшы! Осы ән түнімен менің тұсіме кіріп шықты. Осы әннен менің қазақ қаным ойнады. Қазақ еkenімді сезініп ояндым, – деп орнынан ұшып түрегелді.

Осы қандасымыз Владимир Осиповтың арқасында ертеңіне Е.Вахтангов театрында қойылған оның «Аңшылық маусымы» спектаклінің тұсаукесеріне қатысып, фуршет дастарқанында спектакльді қойған атакты режиссер Евгений Симонов, басты рөлде ойнаған Лениндік сыйлықтың лауреаты, СССР халық артисі Василий Лановоймен танысып, тост соғысып, төс қағысып қайттық. Бұл бурят қазағы Владимир Осиповтың осы театрда қойылып жатқан екінші спектаклі болып шықты. Дарынды драматург еkenі көзге ұрып тұрды. Арқауы – өзі туған Сібірдің өмір-тұрмысы. Жазушылар одағына әлі қабылданбай жүр еken. Мұндай драматург бізге де артықтық етпес еді. Біз Владимир Осиповты атажұртыңа кел деп Қазақстанға шақырдық. Ол Алматыға жиі келгіш бурят ғалымы, өз көршісі Ердени Улановтан кейін бізге анда-санда сәлем жолдап жүрді. Қазір байланысымыз үзілді. Біз Рамазан ағадан айырылдық, ал ол тірі ме еken?